

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ
ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
(Қазақстан)**

**«AMANAT» партиясының әйелдер қанаты
(Қазақстан)**

**Низами атындағы Өзбекстан ұлттық
педагогикалық университеті (Өзбекстан)**

Ош мемлекеттік университеті (Қырғызстан)

Данғара мемлекеттік университеті (Тәжікстан)

**Сейтназар Сейди атындағы Түрікмен мемлекеттік
педагогикалық институты (Түрікменстан)**

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ- ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ:
«ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯ:
ДАМУ ЖОЛДАРЫ МЕН БОЛАШАҒЫ»**

**PROCEEDINGS OF THE INTERNATIONAL
SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE
«PSYCHOLOGY IN CENTRAL ASIA:
DEVELOPMENT PATHS AND PROSPECTS»**

**МАТЕРИАЛЫ МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ:
«ПСИХОЛОГИЯ В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ:
ПУТИ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ»**

Астана қаласы
28 мамыр 2025 ж.

УДК 159.9
ББК 88.3
О-72
ISBN 978-601-08-5194-8

Рецензенты:

Перленбетов Мухан Атенович - доктор психологических наук, профессор. Президент "Казахского психологического общества", Академик Казахской национальной академии естественных наук
Менлибекова Гульбахыт Жолдасбековна - доктор педагогических наук, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева

Организационный комитет

Председатель: Сыдыков Ерлан Батташевич - Председатель Правления – ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, доктор исторических наук, академик НАН РК, профессор

Сопредседатель: Каримова Шолпан Танатовна - Секретарь партии «AMANAT»

Заместители председателя, Сопредседатели Женского крыла партии «AMANAT»:

Мусралимова Айна Ермаковна - Депутат Мажилиса Парламента Республики Казахстан

Шаукенова Зарема Каукеновна - Академик НАН РК, доктор социологических наук, профессор

Куантаев Нуржан Куантайұлы - Декан факультета журналистики и социальных наук ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, кандидат филологических наук, доцент

Оргкомитет:

Мамбеталина Алия Сактагановна - Заведующая кафедрой психологии Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, кандидат психологических наук, ассоциированный профессор

Умарова Навбахор Шокировна - Заведующая кафедрой практической психологии Национального педагогического университета Узбекистана имени Низами, доктор психологических наук, доцент (г. Ташкент, Узбекистан)

Гафурова Дилором Джаборовна - Заведующая кафедрой педагогики и психологии Дангаринского государственного университета, доцент, кандидат педагогических наук (г. Дангара Таджикистан)

Жолдошева Акчач Олмасовна - Профессор кафедры психологии Ошского государственного университета, доктор психологических наук (г. Ош, Кыргызстан)

Муратова Сахрагуль Бабаниязовна - Заведующая кафедрой психологии Туркменского государственного педагогического института имени Сейитназара Сейди, Туркменабат Туркменистан

Члены оргкомитета, редакционная коллегия: Рыскулова М.М., Абенова С.У., Менлибекова Г.Ж., Джексембаева Г.С., Тусупбекова Б.С., Гитихмаева Л.М., Токатлыгыль Ю.С., Айтышева А.М., Ганиева Г.Х., Нагымжанова К.М., Уталиева Ж.Т., Абдыкаликова М.Н., Мандыкаева А.Р., Шнайдер Д.Ж., Умирзакова А.М., Айкинбаева Г.К., Байжуманова Б.Ш., Бекеева Г.С., Карибаева Г.М., Аубакирова Ж.К., Нурадинов А.С., Құнанбаева М.Н.

ISBN 978-601-08-5194-8

Все статьи публикуются в авторской редакции
Барлық мақалалар авторлық нұсқада жарияланған
All articles are published in the author's version

Жинаққа «ОРТА АЗИЯДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯ: ДАМУ ЖОЛДАРЫ МЕН БОЛАШАҒЫ» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары енгізілген. 28.05.2025 ж., «KazServicePrintLTD» ЖШС Астана қ. - 780 бет

The collection includes materials from the International Scientific and Practical Conference: "PSYCHOLOGY IN CENTRAL ASIA: PATHS AND PROSPECTS FOR DEVELOPMENT." May 28, 2025, «KazServicePrintLTD» LLP, Astana - 780 pages.

В сборник включены материалы Международной научно-практической конференции: «ПСИХОЛОГИЯ В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ: ПУТИ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ». 28.05.2025, ТОО «KazServicePrintLTD» г. Астана - 780 стр.

Настоящий сборник составлен по материалам международной научно-практической конференции «Психология в Центральной Азии: пути и перспективы развития», состоявшейся 28 мая 2025 года в ЕНУ имени Л.Н. Гумилева (г. Астана).

Цель конференции - обмен научными знаниями и практическим опытом в области психологии, обсуждение актуальных вопросов психологической науки и образования в странах Центральной Азии, а также развитие академических и профессиональных связей между специалистами.

Сборник адресован научным и педагогическим работникам, ведущим теоретические и прикладные исследования в области психологии, практикующим специалистам, работающим с различными категориями населения, а также представителям смежных сфер. Особое место в целевой аудитории сборника занимают молодые учёные, студенты, магистранты и докторанты, для которых представленные материалы могут служить ценным ресурсом в научной, учебной и практической деятельности.

Материалы публикуются в авторской редакции, редколлегия не несёт ответственность за содержание авторских материалов.

III

**ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУДІҢ
ЗАМАНАУИ ҮРДІСТЕРІ**

**СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ
ПСИХОЛОГИЧЕСКОГО СОПРОВОЖДЕНИЯ
ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

**CURRENT TRENDS IN PSYCHOLOGICAL
SUPPORT OF INCLUSIVE EDUCATION**

Жобалық және зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру.

Бастауыш сыныпта экологиялық бағыттағы шағын жобалар жүргізу оқушының белсенділігін арттырып, зерттеушілік қабілетін дамытады. Мысалы:

- «Менің ауламдағы өсімдіктер»;
- «Ағаш отырғызу – менің үлесім»;
- «Жануарларға қамқорлық»;
- «Халық даналығы мен табиғат».

Оқушылардың бақылау нәтижелерін сурет, күнделік, альбом немесе көрме түрінде ұсынуы да шығармашылықты арттырады [7].

Қорыта айтқанда, халық педагогикасы құралдары инклюзивті білім беру кеңістігінде экологиялық тәрбие беру үшін тиімді мүмкіндік береді. Олар оқушылардың психологиялық жай-күйін жақсартып отырып, табиғатқа деген жауапты қатынасты, мейірімділік пен жанашырлықты тәрбиелейді. Экологиялық сана мен мәдениетті ерте жастан қалыптастыру – қоғамның тұрақты дамуына жол ашады. Бұл үрдісте халықтың рухани құндылықтары мен мұғалімнің кәсіби шеберлігі басты рөл атқарады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Нұрғызарынов А., Шілдебаев Ж. Экология және тұрақты даму. – Астана: Фолиант, 2014. – 344 б.
2. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. – Алматы, 1998.
3. Егоренков Л.И. Экологическое воспитание дошкольников и младших школьников. – Москва: АРКТИ, 2001. – 128 с.
4. Климович Н.Ю. Фольклор в экологическом воспитании. – nsportal.ru.
5. Абдыраимова Р.А. Воспитание детей младшего школьного возраста в семье средствами кыргызской этнопедагогики. – Киев, 1997. – 34 с.
6. Төлеубекова Р.К. Бала тәрбиесіндегі халықтық педагогиканың орны. – Алматы: Білім, 1994.
7. Сарыбеков Н., Төлегенова Р. Экологиялық тәрбие мен білім негіздері. – Алматы: 2005.

УДК 159.922.76

МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДЫҚ КЕЗЕҢІНДЕГІ СӨЙЛЕУ БҰЗЫЛЫСТАРЫ БАР БАЛАЛАРҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАУ ӘДІСТЕРІ

САРМАНОВА АЙДАНА ТАЛГАТОВНА

Магистрант

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
aidok.aid@mail.ru

Ғылыми жетекші — Мандыкаева Алмагуль Рамазановна
психология ғылымдарының кандидаты, доцент м.а.

Аннотация. Бұл мақалада мектепке дайындық кезеңіндегі сөйлеу бұзылыстары бар балаларға психологиялық қолдау көрсету әдістері қарастырылады. Сөйлеу бұзылыстары бар балалардың мектепке бейімделуі күрделі процесс болып табылады, өйткені олар оқу материалын қабылдау мен құрдастарымен қарым-қатынас жасауда қиындықтарға тап болады. Мақалада классикалық теориялар мен қазіргі заманғы әдістер, оның ішінде ойын терапиясы, логопедиялық түзету және әлеуметтік бейімделу сияқты тәсілдер талданады. Халықаралық тәжірибе ретінде Финляндия, Германия және Канададағы сөйлеу бұзылыстарын түзету бағдарламалары қарастырылады. Сонымен қатар, Қазақстандағы логопедиялық қызметтер мен инклюзивті білім беру орталықтарының рөлі сипатталады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, психологиялық қолдау әдістері сөйлеу бұзылыстары бар балалардың мектепке дайындығын едәуір жақсартады.

Түйін сөздер: сөйлеу бұзылыстары, мектепке дайындық, психологиялық қолдау, инклюзивті білім беру, ойын терапиясы

Кіріспе. Мектеп жасына дейінгі сөйлеу бұзылыстары бар балалардың мектепке бейімделу мәселесі қазіргі білім беру жүйесінің өзекті бағыттарының бірі болып табылады. Қазақстанда мектепке дейінгі балалардың шамамен 15%-ында сөйлеу бұзылыстары кездеседі (2023) [1]. Бұл бұзылыстар көбінесе дислалия, ринолалия, дисфазия және фонетикалық-фонематикалық түрлерде көрініс табады. Сөйлеу қабілетінің жеткіліксіз дамуы балалардың оқу материалын қабылдауына, әлеуметтік бейімделуіне және құрдастарымен қарым-қатынасына кедергі жасайды. Инклюзивті білім беру саясаты сөйлеу бұзылыстары бар балаларды жалпы білім беру мекемелеріне қабылдауды арттырды. Бұл жағдай оларды мектепке дайындауда психологиялық қолдаудың қажеттілігін туғызады [2].

Қазақстанда сөйлеу бұзылыстары бар балаларға көмек көрсету мақсатында Бөбек орталығы және арнайы логопедиялық мекемелер маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, Инклюзивті білім беру ресурстық орталықтары сөйлеу қабілеті нашар балаларды жалпы сыныптарға бейімдеуде тәжірибе жинақтап келеді. Бұл тәжірибе Финляндияның Kielikoulu, Германияның Sprache & Schule және Канаданың Language Express бағдарламаларының әдістемелерімен үйлесімді.

Осы шолу мақаланың мақсаты — мектеп жасына дейінгі сөйлеу бұзылыстары бар балалардың мектепке дайындалу кезеңінде психологиялық қолдау көрсету әдістерін анықтау және олардың тиімділігін бағалау.

Зерттеу міндеттері:

1. Сөйлеу бұзылыстарының негізгі түрлерін анықтау және сипаттау;
2. Психологиялық қолдау әдістерін теориялық тұрғыда талдау;
3. Халықаралық тәжірибені зерттеп, қазақстандық тәжірибемен салыстыру;
4. Инклюзивті сыныптарда сөйлеу бұзылыстары бар балаларды бейімдеудің тиімді тәсілдерін ұсыну

Теориялық негіздер. Л.С. Выготскийдің жақын даму аймағы теориясы сөйлеу бұзылыстары бар балалардың әлеуетін ашуға мүмкіндік береді [3]. Бұл теорияның негізінде, бала әлеуметтік ортада үлкендердің және

құрдастарының көмегімен өз деңгейінен жоғары тапсырмаларды орындай алады. Мысалы, логопедиялық түзету сабақтарында балалар артикуляциялық жаттығуларды өздігінен меңгере алмаса да, үлкендердің қолдауымен нәтижелі үйренеді.

Инклюзивті білім беру жағдайында бұл тәсіл кеңінен қолданылады, себебі әлеуметтік қарым-қатынас сөйлеу дамуын жеделдетеді. Осылайша, сөйлеу бұзылыстары бар балалар үлкендер мен құрдастардың көмегімен оқу материалдарын жеңіл меңгереді.

Выготскийдің теориясы әлеуметтік орта мен қолдаудың маңызын көрсетсе, сөйлеу қабілеттерін дамытудың негізгі механизмі ретінде ойынның рөлін А.Н. Леонтьев өз теориясында толық сипаттайды.

А.Н. Леонтьевтің қызметтік тәсілі сөйлеу бұзылыстары бар балалардың ойлау және сөйлеу процестерін ойын арқылы дамытуға негізделеді [4]. Оның теориясы бойынша, ойын — баланың негізгі әрекет түрі болып табылады және бұл процесте тілдік даму белсенді түрде жүреді. Рөлдік ойындар балалардың диалогтық сөйлеуді меңгеруіне, қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Мысалы, «Дүкен», «Дәріхана», «Азық-түлік сатып алу» сияқты рөлдік ойындар балаларды шынайы өмірдегі қарым-қатынасқа дайындап, сөздік қорын кеңейтеді. Леонтьевтің көзқарасы бойынша, осындай ойын түрлері баланың сөйлеу белсенділігін арттырып, мектептегі оқу процесіне дайындайды.

Ойынның сөйлеуді дамытудағы маңызын Леонтьев көрсете отырып, мектепке дайындалу кезеңінде рөлдік ойынның әсерін тереңірек қарастырған Д.Б. Эльконин теориясы жалғастырады.

Д.Б. Элькониннің ойын теориясы сөйлеу бұзылыстары бар балаларды мектепке дайындаудың негізгі механизмі ретінде қарастырылады [5]. Эльконин ойынның әлеуметтік және когнитивтік дамуға ықпал ететінін атап көрсеткен. Оның теориясына сәйкес, рөлдік ойындар арқылы балалар әлеуметтік нормаларды меңгереді және топтық қарым-қатынасқа бейімделеді. Мысалы, «Мектепке бару», «Мұғалім және оқушы» сияқты ойындар баланың мектепке психологиялық тұрғыдан дайындалуына жағдай жасайды. Бұл ойындар арқылы балалар мектеп ережелерін қабылдап, тәртіпке үйренеді, нәтижесінде оқу процесіне оңай бейімделеді. Осылайша, Эльконин баланың сөйлеуін дамытуда ойынның әлеуметтік жағын қарастырса, сөйлеу дағдыларын физиологиялық тұрғыдан қолдау қажеттілігін М.М. Кольцова зерттеген.

М.М. Кольцованың нейрофизиологиялық теориясы сөйлеу дамуының биологиялық негіздерін зерттейді [6]. Оның зерттеуінде артикуляциялық гимнастика, тыныс алу жаттығулары және дыбыстық жаттығулардың маңыздылығы ерекше көрсетілген. Бұл жаттығулар дыбыстарды дұрыс айтуға, фонематикалық естуді дамытуға көмектеседі. Қазақстандағы логопедиялық орталықтарда артикуляциялық жаттығулар кеңінен қолданылады. Мысалы, «Жел соқты», «Балық жүзді» сияқты тыныс алу жаттығулары сөйлеу аппаратының дамуына оң әсер етеді.

Сөйлеу бұзылыстары бар балалардың мектепке психологиялық дайындығы — интеллектуалдық, эмоционалдық, мотивациялық және әлеуметтік аспектілерді қамтитын көпқұрамды процесс. Зерттеулер көрсеткендей, уақытылы диагностика және түзету жұмыстары бейімделу мен академиялық қиындықтардың алдын алады. Түзету шараларының тиімділігін арттыру үшін үй жағдайында сөйлеу ортасын құру, педагогтардың бейімделген әдістемелерді қолдануы және логопедтердің заманауи коррекциялық технологияларды енгізуі маңызды рөл атқарады [7]. Осылайша, Кольцова физиологиялық жаттығулар арқылы сөйлеу бұзылыстарын түзетудің тиімділігін дәлелдеді.

Қазақстандағы логопедиялық орталықтарда артикуляциялық жаттығулар кеңінен қолданылады. Мысалы, «Жел соқты», «Балық жүзді» сияқты тыныс алу жаттығулары сөйлеу аппаратының дамуына оң әсер етеді.

Ал С.Л. Рубинштейннің психологиялық дайындық теориясы сөйлеу бұзылыстары бар балалардың мектепке бейімделу процесінде эмоционалдық тұрақтылық пен қарым-қатынас дағдыларын дамытуды көздейді [8]. Оның көзқарасы бойынша, бала өзін қоршаған ортамен дұрыс қарым-қатынас орнатып, тапсырмаларды өздігінен орындай алуы қажет. Әлеуметтік ойындар «Біз мектепке барамыз» арқылы балалар құрдастарымен сөйлесуді және тапсырмаларды орындауды үйренеді. Бұл тәсіл балалардың топта жұмыс істеу дағдыларын арттырып, өз ойын еркін жеткізуге мүмкіндік береді.

Қазақстандық тәжірибе сөйлеу бұзылыстары бар балаларды мектепке дайындауда жоғары нәтижелер көрсетіп келеді. Бұл бағытта елімізде Бөбек орталығының логопедиялық қызметі ерекше орын алады. «Өзін-өзі тану» бағдарламасы аясында сөйлеу қабілеті төмен балалардың психологиялық және әлеуметтік бейімделуі бойынша түзету сабақтары өткізіледі.

Бұл сабақтар балалардың эмоционалдық тұрақтылығын арттыруға, қарым-қатынас жасау қабілетін дамытуға бағытталған. Түзету жұмыстары барысында артикуляциялық жаттығулар, фонематикалық естуді дамыту әдістері және ойын терапиясы кеңінен қолданылады. Нәтижесінде, балалардың дыбыстарды дұрыс айтуы, сөздік қорының кеңеюі және сөйлеу жылдамдығының артуы байқалады. Қазақстанда Инклюзивті білім беру ресурстық орталықтары логопед мамандардың қатысуымен мектепке дейінгі балаларды жалпы білім беру сыныптарына бейімдеуде маңызды рөл атқарады. Бұл орталықтарда балалар топтық ойындар мен рөлдік сабақтарға қатысып, қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіреді. «Дүкен», «Мектепке бару», «Мұғалім және оқушы» сияқты ойын түрлері балалардың мектеп ортасына бейімделуіне оң әсер етеді. 2022 жылғы мәліметтерге сәйкес, Бөбек орталығының түзету бағдарламаларына қатысқан балалардың 78%-ы сөйлеу бұзылыстарын түзетіп, инклюзивті сыныптарда білім алуға дайын болған (Білім және ғылым министрлігі, 2022).

Халықаралық тәжірибе. Халықаралық тәжірибе сөйлеу бұзылыстарын түзетуде жоғары нәтижелер көрсетуде. Әсіресе, Финляндияның Kielikoulu, Германияның Sprache & Schule және Канаданың Language Express

бағдарламалары өз тиімділігін дәлелдеген. Kielikoulu бағдарламасы ойын терапиясы, артикуляциялық жаттығулар және фонетикалық сабақтар арқылы сөйлеу қабілетін дамытады. 2023 жылғы зерттеу нәтижелеріне сәйкес, бағдарламаға қатысқан балалардың 87%-ы сөйлеу бұзылыстарын түзетіп, 90%-ы мектепке толық дайын болған (OECD, 2023) [9]. Бұл бағдарламада ойын терапиясы мен арнайы логопедиялық түзету әдістері жүйелі түрде қолданылады.

Sprache & Schule бағдарламасы логопедиялық сабақтар мен ойын терапиясын біріктіріп, балалардың коммуникативтік қабілеттерін дамытуға бағытталған (UNESCO, 2023) [10]. Арнайы ұйымдастырылған коммуникативтік тренингтер арқылы балалардың қарым-қатынас жасау дағдылары жетілдіріледі. Бағдарлама қатысушыларының 75%-ы оқу материалдарын жақсы меңгерсе, 68%-ы әлеуметтік ортаға сәтті бейімделген.

Language Express бағдарламасы ата-аналардың белсенді қатысуымен жүзеге асырылады. Бұл бағдарлама үш бағытта жұмыс істейді: сөйлеуді түзету, әлеуметтік бейімделу және ата-аналармен байланыс. 2022 жылғы статистика бойынша, бағдарламаға қатысқан 500 баланың 82%-ы мектепке толық дайындықпен өткен (Canadian Language Initiative, 2022) [11].

Language Express-тің басты ерекшелігі — ата-аналармен тұрақты байланыс орнату және үй тапсырмаларын бақылау арқылы сөйлеу қабілетін дамыту.

Кесте 1

Салыстырмалы талдау кестесі

Бағдарлама атауы	Ел	Негізгі әдістер	Нәтижелер
Kielikoulu	Финляндия	Ойын терапиясы, артикуляциялық жаттығулар, фонетикалық сабақтар	87%-ы сөйлеу бұзылыстарын түзетті, 90%-ы мектепке дайын болды
Sprache & Schule	Германия	Топтық сабақтар, логопедиялық түзету, әлеуметтік ойындар	75%-ы оқу материалдарын жақсы меңгерді, 68%-ы әлеуметтік ортаға бейімделді
Language Express	Канада	Логопедиялық түзету, артикуляциялық гимнастика, ата-анамен жұмыс	82%-ы мектепке дайын болып шықты, сөйлеу дағдылары жақсарды

Қазақстандық тәжірибемен байланысы. Қазақстанда сөйлеу бұзылыстары бар балаларға арналған логопедиялық түзету әдістері халықаралық тәжірибемен ұқсас бағытта дамуда. Бұл тұрғыда Бөбек орталығының «Өзін-өзі тану» бағдарламасы және Инклюзивті білім беру ресурстық орталықтары Германия, Финляндия және Канада тәжірибелеріне сүйене отырып, логопедиялық түзету сабақтарын ойын терапиясымен ұштастырады. Қазақстандық тәжірибеде топтық ойындар мен

артикуляциялық жаттығулар кеңінен қолданылып, балалардың мектепке бейімделуі жеңілдей түсуде. 2022 жылғы статистика бойынша, Бөбек орталығындағы түзету бағдарламаларына қатысқан балалардың 78%-ы сөйлеу бұзылыстарын түзетіп, инклюзивті сыныптарда білім алуға дайын болған (Білім және ғылым министрлігі, 2022). Инклюзивті білім беру ресурстық орталықтарында сөйлеу қабілеті нашар балаларға арнайы логопедиялық сабақтар өткізіліп, олардың мектепке дайындығы жоғары деңгейде қамтамасыз етілуде.

Бұл тәжірибелер халықаралық зерттеулермен де үйлеседі. Мысалы, Hervás-Torres (2025) зерттеуінде Storytelling әдісінің сөйлеу бұзылыстарын түзетудегі тиімділігі анықталған [12]. Испанияда 3–5 жас аралығындағы балалар арасында жүргізілген бұл әдіс арқылы балаларға қызықты оқиғалар айтылып, оларды қайталап айтуға, диалог жүргізуге дағдыландырылды. Нәтижесінде, балалардың 15%-ында сөйлеу дағдыларының жақсарғаны байқалды. Әсіресе, фонематикалық есту және дыбыстық артикуляция бойынша оң нәтижелер тіркелді. Storytelling әдісі балалардың сөйлеу қабілеттерін ойын арқылы дамытуға ықпал еткен болса, бұл әдістің элементтері Қазақстандағы Инклюзивті білім беру ресурстық орталықтарында да кеңінен қолданылады. Балаларға ойын арқылы сөйлеу және қарым-қатынас дағдыларын дамытуға басымдық беріледі. Сондай-ақ, Valls-Ratés (2025) зерттеуінде Инклюзивті ойындар әдісінің тиімділігі дәлелденген [13]. 4–6 жас аралығындағы сөйлеу бұзылыстары бар балалар арнайы ұйымдастырылған топтық ойындарға қатыстырылып, рөлдік ойындар арқылы диалогтық сөйлесу мен коммуникативтік дағдыларды меңгерді. Нәтижесінде, 18%-ға сөйлеу қабілеттері жақсарып, әлеуметтік ортада қарым-қатынас жасау мүмкіндігі артты.

Бұл тәсіл Қазақстандағы Бөбек орталығы мен Инклюзивті білім беру ресурстық орталықтарында қолданылатын топтық ойындар мен рөлдік сабақтармен үндес келеді. Hunter (2025) жүргізген зерттеу Smart Beginnings бағдарламасының тиімділігін анықтады [14]. Бұл бағдарлама ата-аналардың белсенді қатысуымен жүзеге асырылып, үй жағдайында артикуляциялық жаттығулар мен сөйлеу терапиясы күнделікті жүргізілді. Алты айлық бағдарлама нәтижесінде, балалардың 20%-ында сөйлеу дағдылары жақсарған. Әсіресе, дислалия және фонематикалық бұзылыстары бар балалардың дыбыстық артикуляциясы түзеліп, мектепке дайындық деңгейі артқаны байқалды. Мұндай үй жағдайындағы ата-аналық қолдау Қазақстанда да маңызды рөл атқарады. Мысалы, «Өзін-өзі тану» бағдарламасы аясында ата-аналарға арналған әдістемелік нұсқаулықтар дайындалып, үйде қолдану ұсынылады. Бұдан бөлек, Azizovna (2025) зерттеуінде Educational Cluster әдісінің тиімділігі қарастырылған [15]. Бұл әдіс бойынша балалар арнайы логопедиялық түзету сабақтарына қатысып, ойын терапиясы және артикуляциялық жаттығулар арқылы сөйлеу дағдыларын дамытты. Зерттеу нәтижесінде балалардың 25%-ында сөйлеу бұзылыстары түзеліп, әлеуметтік ортада қарым-қатынас жасау қабілеті артты.

Бұл әдіс Қазақстандағы Бөбек орталығы мен Инклюзивті білім беру ресурстық орталықтарының тәжірибесімен ұқсас екенін көрсетеді. Арнайы түзету сабақтары арқылы балалардың сөйлеу мүмкіндіктері кеңейіп, мектепке бейімделу деңгейі артады. Жалпы алғанда, Қазақстандағы логопедиялық түзету тәжірибесі халықаралық зерттеулермен тығыз байланыста дамып келеді. Германияның *Sprache & Schule*, Финляндияның *Kielikoulu* және Канаданың *Language Express* бағдарламаларында қолданылатын ойын терапиясы, топтық сабақтар және ата-аналармен жұмыс әдістері Қазақстандағы білім беру мекемелерінде де кеңінен қолданылады. Бұл әдістер сөйлеу бұзылыстары бар балалардың мектепке бейімделуін жеңілдетіп, оқу процесіне кедергісіз араласуына жағдай жасайды.

Жалпы, халықаралық және қазақстандық тәжірибені ескере отырып, сөйлеу бұзылыстары бар балаларды мектепке дайындау барысында төмендегідей ұсыныстар жасалады:

Сөйлеу бұзылыстары бар балаларды мектепке дайындау тиімді логопедиялық түзету мен психологиялық қолдауды қажет етеді. Бұл бағытта инклюзивті сыныптарда артикуляциялық жаттығулар, фонематикалық естуді дамыту ойындары және диалогтық сөйлесу әдістерін тұрақты қолдану ұсынылады. Рөлдік ойындар («Дүкен», «Мектепке бару») арқылы балалардың қарым-қатынас дағдыларын жетілдіру маңызды. Әр баланың жеке даму картасын жүргізіп, түзету жоспарын әзірлеу түзету процесінің нәтижелілігін арттырады.

Үй жағдайында ата-аналардың қолдауы үлкен рөл атқарады. Күнделікті артикуляциялық жаттығуларды орындау, диалог құру және «Storytelling» әдісін қолдану арқылы сөйлеу дағдыларын дамытуға болады. Бұл әдістер балалардың сөздік қорын кеңейтіп, коммуникативтік қабілеттерін арттырады.

Білім беру мекемелерінде логопедиялық түзету сабақтарын тұрақты ұйымдастырып, арнайы психологиялық қолдау кабинеттерін ашу қажет. Инклюзивті білім беру тәжірибесін арттыру үшін педагогтардың біліктілігін көтеру және халықаралық бағдарламалармен тәжірибе алмасу ұсынылады. Финляндия, Германия және Канададағы логопедиялық орталықтардың озық тәжірибелерін зерттеп, Қазақстандық білім беру жүйесіне бейімдеу тиімді нәтижелерге жеткізеді.

Шолу мақаламызды қорытындылай келе, сөйлеу бұзылыстары бар балалардың мектепке дайындалу процесін оңтайландыру үшін кешенді психологиялық қолдау және логопедиялық түзету қажет.

Халықаралық тәжірибеде дәлелденген әдістерді Қазақстандық білім беру жүйесіне бейімдеу, инклюзивті сыныптардағы сабақтардың сапасын арттыру, ата-аналардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету — сөйлеу бұзылыстары бар балалардың толыққанды мектепке бейімделуіне септігін тигізеді.

Қазақстандық тәжірибе қазіргі таңда қарқынды дамып келеді, алайда халықаралық стандарттармен ұштастыру арқылы оның тиімділігін одан әрі арттыруға мүмкіндік бар.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық статистикалық агенттігі. (2023). Қазақстандағы сөйлеу бұзылыстары бойынша статистика.
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. (2022). Инклюзивті білім беру саясатының дамуы.
3. Выготский, Л. С. (1934). Мышление и речь. Москва: Социально-экономическое издательство.
4. Леонтьев, А. Н. (1975). Деятельность. Сознание. Личность. Москва: Политиздат.
5. Эльконин, Д. Б. (1960). Психология игры. Москва: Просвещение.
6. Кольцова, М. М. (1973). Нейрофизиологические основы речи. Ленинград: Наука.
7. Мандыкаева А.Р., Сарманова А.Т. Психологическая готовность детей к школе с нарушениями речи // SUN'TY INTELLEKT VA TA'LIM: MUAMMOLAR, IMKONIYATLAR VA ISTIQBOLLAR. – Tashkent: University of Innovation Technologies, 2025. – С. 122–125.
8. Рубинштейн, С. Л. (1989). Основы общей психологии. Москва: Педагогика.
9. OECD. (2023). Kielikoulu: A Finnish Approach to Speech Development. OECD Education Working Papers, No. 215.
10. UNESCO. (2023). Sprache & Schule: Innovations in Inclusive Education. UNESCO Policy Brief, No. 98.
11. Canadian Language Initiative. (2022). Language Express: Supporting Speech Development in Canada. National Education Report.
12. Hervás-Torres, M. (2025). Storytelling as a Method for Speech Development in Preschool Children. Journal of Early Childhood Education, 32(1), 45-62.
13. Valls-Ratés, R. (2025). Inclusive Games in Speech Therapy for Children with Speech Disorders. International Journal of Speech and Language Pathology, 29(3), 75-88.
14. Hunter, L. (2025). Smart Beginnings: Parental Engagement in Early Speech Development. Child Development Journal, 27(2), 102-119.
15. Azizovna, S. (2025). Educational Cluster: Innovations in Speech Therapy. Journal of Educational Innovation, 14(4), 123-137.

УДК 159.922.76

Сенсорлық интеграция әдісі инклюзивті білім берудегі психологиялық сүйемелдеудің құрамдас бөлігі ретінде

ТУРМАНОВА Ж.Е.

Психология ББ 2 курс PhD докторанты

turmanova74@mail.ru

Ғылыми жетекшісі — Рыскулова М.М.

Педагогика ғылымдарының кандидаты

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Аннотация. Мақалада инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕББҚ) бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың